**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 2025 жылғы 04 сәуірдегі Гранттық, коммерцияландыру және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобаларына қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша №068 Бұйрыққа сәйкес бекітілген Комиссия отырысының**

# № 5 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы, 30 маусым 2025 ж.
Б.Саттарханов даңғылы 29В, 201 кабинет сағат: 15.00

**Қатысқандар:**

**Төраға:** А.Ошибаева – Комиссия төрағасы, Ғылым және стратегиялық даму жөніндегі вице-ректоры.

**Төрағаның орынбасары:** М.Гиритлиоглу - Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры.

**Комиссия мүшелері:** Х.Масадиков – Ғылым департаментінің директоры, А.Исаков - Коммерцияландыру офисінің директоры, Ғ.Мусаханов – Заң бөлімінің басшысы, Е.Тұрсынбек – Бағдарламамен қамтамасыз етудегі инновациялар бөлімінің меңгерушісі, М.Мұсабек – бухгалтер.

**Қатыспағандар** Б.Дерели – Сатып алу бөлімінің маманы, М.Қырықбаев – Тәуекел менеджері (еңбек демалысына шығуына байланысты)

**Комиссияның хатшысы:** А.Өмірбек – Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе бөлімінің жетекші маманы.

**Күн тәртібінде:**

1. Университеттің ресми сайтында жарияланған хабарландыруға сәйкес, жалпы ғылыми жобалар аясында тауар, қызмет, жұмыс сатып алуға 29 (жиырма тоғыз) лот жарияланды, жарияланған хабарландыруға сәйкес келіп түскен лоттар бойынша коммерциялық ұсыныстарға жасалған талдауды (1 қосымша) қарау;
2. Хабарландыруға жарияланған лоттар бойынша жеткізушілерден келіп түскен коммерциялық ұсыныстардың техникалық сипаттамаға, бағаға сәйкестігін қарастырып шешім шығару, келісім-шарт талаптарын келісу;
3. Жоба жетекшілерінің ұсынысы негізінде жылдық жоспарға өзгеріс енгізуді келісу.

**Бірінші мәселе бойынша тыңдалып, қаралды:**

Комиссия мүшелері университеттің ресми сайтында жарияланған сатып алу хабарландыруы аясында келіп түскен коммерциялық ұсыныстар топтамасын толық қарастырды. Аталған хабарландыру бойынша барлығы 29 (жиырма тоғыз) лот жарияланған. Осы лоттардың ішінен 11 (он бір) лот бойынша әртүрлі заңды тұлғалар мен ұйымдардан коммерциялық ұсыныстар келіп түсті. Ал қалған 18 (он сегіз) лот бойынша ұсыныстар мүлдем түспеген.

1 қосымшаға сәйкес, келіп түскен барлық ұсыныстар әр лот бойынша жеке-жеке сарапталды. Сараптама барысында ұсыныстардың техникалық және қаржылық талаптарға сәйкестігі жан-жақты бағаланды. Талдау нәтижесінде бірқатар сәйкессіздіктер мен мәселелер анықталды, олар бойынша тиісті шешімдер қабылдау қажет.

**Екінші мәселе бойынша тыңдалып, қаралды:**

Комиссия мүшелері тарапынан техникалық және қаржылық талаптарға толық сәйкес келетін коммерциялық ұсыныстар қайта зерделенді. Сараптама нәтижесінде сатып алу талаптарына толықтай жауап беретін ұсыныстар анықталды.

Атап айтқанда, 9 (тоғыз) лот бойынша ұсынылған тауарлар мен көрсетілетін қызметтер техникалық сипаттамаларға, жоспарланған шекті бағаларға және сатып алуға қатысты құжаттама талаптарына толық сәйкес келетіні расталды. Коммерциялық ұсыныстарда көрсетілген бағалар сатып алу жоспарында көзделген шекті сомадан аспайды, сондай-ақ жеткізу шарттары мен қосымша талаптар нақты көрсетілген.

Осыған байланысты аталған лоттар бойынша ұсыныстар талаптарға сәйкес деп танылды:

1. 12-лот – «Жарық әйнектен жасалған виала» (4 дана) бойынша ЖШС «ЛаборФарма» (өкіл: Алчинбаев М.) тарапынан ұсынылған 228 000 теңге сомасындағы коммерциялық ұсыныс техникалық және қаржылық талаптарға толық сәйкес деп танылды. Төлем шарттары: шарт сомасының 100%-ы көлемінде алдын ала төлем қарастырылды.

2. 13-лот – «Шприцті мембраналық сүзгілер» (6 дана) бойынша ЖШС «ЛаборФарма» (өкіл: Алчинбаев М.) ұсынған 1 740 000 теңге көлеміндегі ұсыныс сатып алу талаптарына толық сәйкес деп бағаланды. Төлем шарттары: шарт сомасының 100%-ы көлемінде алдын ала төлем қарастырылды.

3. 14-лот – «Колонка» (2 дана) бойынша ЖШС «NURVENDI» (өкіл: Алчинбаев М.) ұсынған 1 962 000 теңге сомасындағы коммерциялық ұсыныс техникалық және қаржылық параметрлерге сай деп танылды. Төлем шарттары: шарт сомасының 100%-ы көлемінде алдын ала төлем қарастырылды.

4. 15-лот – «Предколонка» (2 дана) бойынша ЖШС «NURVENDI» (өкіл: Алчинбаев М.) тарапынан ұсынылған 1 620 000 теңгелік баға техникалық сипаттамаларға және сметалық шекке сәйкес келетіні расталды. Төлем шарттары: шарт сомасының 100%-ы көлемінде алдын ала төлем қарастырылды.

5. 16-лот – «Acetonitrile (Ацетонитрил)» (10 бума) бойынша ЖШС «БиоХимПрибор» (өкіл: Алчинбаев М.) ұсынған 351 000 теңге сомасындағы ұсыныс талаптарға толық сәйкес деп танылды. Төлем шарттары: шарт сомасының 100%-ы көлемінде алдын ала төлем қарастырылды.

6. 18-лот – «LC/MS/MS әдісі бойынша “кептірілген қан дақтары” үлгілерінің масс-спектрометриялық талдауының нәтижелері» (Қызмет, 180 үлгі) бойынша ЖШС «Антиген» (өкіл: Алчинбаев М.) тарапынан ұсынылған 2 928 600 теңге көлеміндегі коммерциялық ұсыныс техникалық және қаржылық талаптарға сәйкес деп қабылданды. Төлем шарттары: шарт сомасының 50%-ы көлемінде алдын ала төлем қарастырылды.

7. 19-лот – «Анализатордағы зәрдегі кальцийді (Са) анықтау» (Қызмет, 180 үлгі) бойынша Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ Клиникалық-диагностикалық орталығы (өкіл: Алчинбаев М.) ұсынған 540 000 теңгелік баға талаптарға толық сәйкес деп танылды. Төлем шарттары: шарт сомасының 100%-ы көлемінде алдын ала төлем қарастырылды.

8. 20-лот – «Қан сарысуындағы кальцийді (Са) қолмен анықтау» (Қызмет, 180 үлгі) бойынша Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ Клиникалық-диагностикалық орталығы (өкіл: Алчинбаев М.) тарапынан ұсынылған 198 000 теңге көлеміндегі ұсыныс техникалық сипаттамалар мен қаржылық шектеулерге сәйкес деп бағаланды. Төлем шарттары: шарт сомасының 100%-ы көлемінде алдын ала төлем қарастырылды.

9. 21-лот – «Іш қуысы мүшелерінің шолу рентгенографиясы» (Қызмет, 180 үлгі) бойынша Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ Клиникалық-диагностикалық орталығы (өкіл: Алчинбаев М.) ұсынған 198 000 теңгелік коммерциялық ұсыныс техникалық және қаржылық талаптарға толық сәйкес деп танылды. Төлем шарттары: шарт сомасының 100%-ы көлемінде алдын ала төлем қарастырылды.

**Үшінші мәселе бойынша тыңдалып, қаралды:**

Сиздиков Багдаулет өндірістік қажеттілікке байланысты AP19678134 нөмірлі «Келес өңірінде орналасқан ежелгі Күлтөбе қалашығында археологиялық және пәнаралық зерттеулер жүргізу» атты гранттық жобаны іске асыру шеңберінде, №267/23-25 келісім шартының 1.11 қосымшасына сәйкес, 2025 жылға арналған ғылыми зерттеулер үшін сатып алуға жоспарланатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесіне өзгеріс енгізуге ұсыныс жасады. Атап айтқанда, жобаның шығындар сметасындағы "Жалға алу шығыстары, зерттеулерді іске асыру үшін пайдаланатын жабдықтар мен техниканы пайдалану шығыстары" бабында қарастырылған 915 000 (тоғыз жүз он бес мың) теңге сомасындағы қаражатты "Іс-сапар шығындары" бабына ауыстыруға рұқсат беруін сұраған. Осыған байланысты 2025 жылға арналған сатып алу жоспарынан көлік жалға алу қызметін және оған жоспарланған 915 000 (тоғыз жүз он бес мың) теңгені алып тастау қажеттілігі айтылды.

Султанов Мурат ағымдағы жыл жобаның соңғы аяқталу жылы болғандықтан және ғылыми жарияланымдарды уақытылы басып шығару қажеттілігіне байланысты, AP19676663 нөмірлі «Субдиффузия теңдеуін шешудің сандық әдістерін локальды емес модельдер үшін құру» атты гранттық жобасының 2025 жылға арналған ғылыми зерттеулер үшін сатып алуға жоспарланатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесіне өзгеріс енгізуге ұсыныс жасады, атап айтқанда жобаның бекітілген шығындар сметасындағы құрал-жабдықтар бабына 232 000 (екі жүз отыз екі мың) теңгеге проектор алу жоспарланған, аталған қаражатты ғылыми мақалаларға төлем жасау үшін ғылыми-ұйымдастырушылық қамтамасыз ету, басқа да қызметтер мен жұмыстар бабына ауыстыруға рұқсат сұраған. Осыған байланысты 2025 жылға арналған сатып алу жоспарынан құрал-жабдықтар бабындағы 232 000 (екі жүз отыз екі мың) теңгеге жоспарланған проекторды алып тастау қажеттілігі айтылды.

**ШЕШІМ:**

1. Ғылыми жобалар шеңберінде тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жарияланған 29 (жиырма тоғыз) лот бойынша келіп түскен коммерциялық ұсыныстар қаралып, олардың техникалық сипаттамалары мен қаржылық шарттарының сатып алу талаптарына сәйкестігі 1-қосымшада көрсетілген мәліметтер негізінде сарапталды және тексерілді.

2. Комиссия мүшелері жарияланған лоттар бойынша жеткізушілер ұсынған коммерциялық ұсыныстарды техникалық сипаттамалар мен баға талаптарына сәйкестік тұрғысынан қарап, нәтижесінде талаптарға толық сәйкес келген 9 (тоғыз) лот бойынша ұсыныстар қабылданып, олармен келісім-шарттар жасау туралы шешім мен төлем шарттары қабылданды. Комиссия өткен соң, 5 жұмыс күні ішінде келісім-шарт түзілсін.

3. Комиссия мүшелері Сиздиков Багдаулет, Султанов Мураттың ұсыныстары негізінде 2025 жылғы 28 сәуір күні бекітілген 2025 жылы ғылыми зерттеулер үшін сатып алуға жоспарланатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесіне өзгеріс (толықтырулар мен өзгертулер жасалған) енгізілсін.

**Комиссия төрағасы** **А.Ошибаева**

**Комиссия мүшелері:**

Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры М.Гиритлиоглу

| | |
|---|---|
| Ғылым департаментінің директоры | Х.Масадиков |
| Коммерцияландыру офисінің директоры | А.Исаков |
| Заң бөлімінің басшысы | Ғ.Мусаханов |
| Бағдарламамен қамтамасыз етудегі инновациялар бөлімінің меңгерушісі | Е.Тұрсынбек |
| Бухгалтер | М.Мұсабек |
| Хатшы | А.Өмірбек |

1 қосымша

**Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізімі**

| Лот | Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің атауы | Саны | Лоттың қосылған құн салығын (ҚҚС) қоса алғандағы сомасы, теңге | Жоба жетекшісі | КҰ саны мен сілтемесі | Сәйкестік | Төлем шарттары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Кулонометриялық анализатор | 1 дана | 2 000 000 | Аймбетова И | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін |
| 2 | Көпфункционалды портативті сұйықтықтар анализаторын өлшеу құралы | 1 дана | 1 200 000 | Аймбетова И | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 3 | Көп мәрте қолданылатын силиконды қалыптары | 1 дана | 192 000 | Шектібаев Н | ЖШС "БВБ-Альянс" 288 000 | Баға ұсынысы сәйкес келмейді | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| | | | | | ТОО «РостМеталл Групп Астана» 459 000 | Баға ұсынысы сәйкес келмейді | |
| 4 | Ультрабук | 5 дана | 3 489 960 | Баканов Г<br>Султанов М | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Ноутбук | 3 дана | 1 522 760 | Аймбетова И<br>Досымов Е<br>Сейтов Б | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 6 | Ноутбукке арналған сөмке | 2 дана | 40 000 | Берді Д | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 7 | Бағдарламалық қамтамасыздандыру | 1 дана | 27 990 | Баканов Г | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 8 | Антивирус | 1 дана | 82 956 | Берді Д<br>Султанов М | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 9 | Картридж және тонерлер | 11 дана | 73 000 | Аймбетова И<br>Исаев М<br>Берді Д<br>Султанов М | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 10 | Беріктігі жоғары ZrCN жабындарының морфологиясын және физикалық-механикалық қасиеттерін зерттеу жөніндегі қызметтер | 1 қызмет | 1 305 000 | Шектібаев Н | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | Дейтерийлі плазмамен сәулелендіру және жабындардың құрылымы мен қасиеттерін зерттеу жөніндегі қызметтер | 1 қызмет | 4 260 000 | Сейтов Б | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін |
| 12 | Жарық әйнектен жасалған виала, көлемі 2 мл, бұралатын қақпағы және PTFE төсемесі бар, өлшемі 12 x 32 мм, бұрандасы 9 мм, 29378-U | 4 дана | 228 000 | Алчинбаев М | ЖШС «ЛаборФарма» 228 000 | Сәйкес Лот 3-нші рет жарияланғаны үшін Ереженің талабына сәйкес, егер 3 коммерциялық ұсыныстан кем түссе комиссия шешімімен бір көзден сатып алу қарастырылады | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін, жеткізушінің КҰ-ында төлем шартына талап қойылмаған |
| 13 | Шприцті мембраналық сүзгілер 0,2 мкм, стерильді емес, PTFE d=25 мм (пакет. 100 дана) стерильді емес | 6 дана | 1 740 000 | Алчинбаев М | ЖШС «ЛаборФарма» 1 740 000 | Сәйкес Лот 3-нші рет жарияланғаны үшін Ереженің талабына сәйкес, егер 3 коммерциялық ұсыныстан кем түссе комиссия шешімімен бір көзден сатып алу қарастырылады | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін, жеткізушінің КҰ-ында төлем шартына талап қойылмаған |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 14 | Колонка | 2 дана | 1 962 000 | Алчинбаев М | ЖШС «NURVENDI» 1 962 000 | Сәйкес Лот 3-нші рет жарияланғаны үшін Ереженің талабына сәйкес, егер 3 коммерциялық ұсыныстан кем түссе комиссия шешімімен бір көзден сатып алу қарастырылады | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін, жеткізушінің КҰ-ында төлем шартына талап қойылмаған |
| 15 | Предколонка | 2 дана | 1 620 000 | Алчинбаев М | ЖШС «NURVENDI» 1 620 000 | Сәйкес Лот 3-нші рет жарияланғаны үшін Ереженің талабына сәйкес, егер 3 коммерциялық ұсыныстан кем түссе комиссия шешімімен бір көзден сатып алу қарастырылады | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін, жеткізушінің КҰ-ында төлем шартына талап қойылмаған |
| 16 | Acetonitrile (Ацетонитрил) | 10 бума | 351 000 | Алчинбаев М | ЖШС «БиоХимПрибор» 351 000 | Сәйкес Лот 3-нші рет жарияланғаны үшін Ереженің талабына сәйкес, | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін, жеткізушінің КҰ-ында төлем шартына талап |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | егер 3 коммерциялық ұсыныстан кем түссе комиссия шешімімен бір көзден сатып алу қарастырылады | қойылмаған |
| 17 | Chloroform (Хлороформ) | 1 литр | 150 200 | Алчинбаев М | ЖШС «БиоХимПрибор» 150 200 | Бірінші жарияланған хабарландыруда 3 КҰ-тан кем келгені үшін қабылданбады, ереже талабына сәйкес келмейді. | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 18 | LC/MS/MS әдісі бойынша «кептірілген қан дақтары» үлгілерінің масс-спектрометриялық талдауының нәтижелері | Қызмет (180) | 2 928 600 | Алчинбаев М | ЖШС «Антиген» 2 928 600 | Сәйкес Лот 3-нші рет жарияланғаны үшін Ереженің талабына сәйкес, егер 3 коммерциялық ұсыныстан кем түссе комиссия шешімімен бір көзден сатып алу қарастырылады | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін, жеткізушінің КҰ-ында төлем шартына талап қойылмаған |
| 19 | Анализатордағы зәрдегі кальцийді (Са) анықтау | Қызмет (180) | 198 000 | Алчинбаев М | «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық | Сәйкес Лот 3-нші рет | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | казақ-түрік университетінің Клиникалық-диагностикалық орталығы» 198 000 | жарияланғаны үшін Ереженің талабына сәйкес, егер 3 коммерциялық ұсыныстан кем түссе комиссия шешімімен бір көзден сатып алу қарастырылады | 100%-ға жетуі мүмкін, жеткізушінің КҰ-ында төлем шартына талап қойылмаған |
| 20 | Қан сарысуындағы кальцийді (Са) қолмен анықтау | Қызмет (180) | 540 000 | Алчинбаев М | «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Клиникалық-диагностикалық орталығы» 540 000 | Сәйкес Лот 3-нші рет жарияланғаны үшін Ереженің талабына сәйкес, егер 3 коммерциялық ұсыныстан кем түссе комиссия шешімімен бір көзден сатып алу қарастырылады | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін, жеткізушінің КҰ-ында төлем шартына талап қойылмаған |
| 21 | Іш қуысы мүшелерінің шолу рентгенографиясы | Қызмет (180) | 198 000 | Алчинбаев М | «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Клиникалық-диагностикалық орталығы» | Сәйкес Лот 3-нші рет жарияланғаны үшін Ереженің талабына сәйкес, егер 3 коммерциялық ұсыныстан кем | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін, жеткізушінің КҰ-ында төлем шартына талап қойылмаған |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 198 000 | түссе комиссия шешімімен бір көзден сатып алу қарастырылады | |
| 22 | Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік ақпараттық технологиялар саласындағы консультациялық қызметтер | 1 қызмет | 3 139 840 | А.Ошибаева | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін |
| 23 | Бактерицидтік сәулелендіргіш | 50 дана | 1 130 200 | А.Ошибаева | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 24 | Гигрометр | 33 дана | 275 880 | А.Ошибаева | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 25 | Қыздырылған магнитті араластырғыш | 4 дана | 1 182 560 | А.Ошибаева | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 26 | Нуклеин қышқылдарын бөлуге арналған құрылғы | 2 дана | 9 478 920 | А.Ошибаева | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін |
| 27 | Колба-ұстағышы бар аспиратор | 1 дана | 289 370 | А.Ошибаева | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |

1 қосымша

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 28 | Центрифуга | 2 дана | 2 012 140 | А.Ошибаева | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін |
| 29 | Салқындатқыш сөмке | 2 дана | 71 140 | А.Ошибаева | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| | **Барлығы** | | **41 689 516** | | | | |

Хатшы А.Өмірбек